Учительская плюс
Областная еженедельная общественная информационно-образовательная газета
www.uchitelskaya.kz



ОЦЕНКА УЧЕБНЫХ ДОСТИЖЕНИЙ

Ежегодно в апреле в организациях начального, основного среднего, общего среднего образования осуществляется мониторинг за качеством обучения в форме внешней оценки учебных достижений учащихся (ВОУД).

стр. 10



ТУРАЛЫҚТЫ ТУ ЕТКЕН НАҒАШЫБАЙ

Қара сөздің қадірін білген ақын, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, ҚР мәдениет қайраткері, ардагер-журналист, жыр жолдары дүйім жұрттың жүрегінен орын алған Нағашыбай Мұқатов мерейлі 70 жасқа толды. Ол өмірі мен қызметінде адалдық пен шындықты серік еткен жан.

19 бет

Газета для работников сферы образования, студентов, учащихся и родителей | №13 (359) | ПЯТНИЦА 5 апреля 2019

# Jastar jyly qutty bolsyn



**Elbasy Joldaýynda: «Jastardyń barlyq sanatyn qoldaýǵa arnalǵan sharalardy tolyq qamtıtyn áleýmettik satynyń aýqymdy platformasyn qalyptastyrý kerek», – dep atap ótti. Kúni keshe ǵana elordada táýelsizdik qurdastaryn jınap, olarǵa zor mindetter júktedi.**

Shyn máninde, búgingi jastar – erteńgi eldiń myzǵymas tiregi, keleshektiń kelbeti. Sol sebepti, olardyń bilimdi, básekege qabiletti, jan-jaqty bolýy el damýyndaǵy asa mańyzdy faktor bolyp tabylatyny anyq. Elbasymyzdyń kóregen saıasaty óskeleń urpaqtyń enshisine tıgen jaýapkershiligi mol mindet. Birligi jarasqan bekem eldiń urpaqtary bir kisideı jumylyp, iske kirisse, baǵynbas bıik, alynbas qamal joq. Bıyl bizderge berilip otyrǵan múmkindik, artyp otyrǵan mindet kóp.

Olaı bolsa, Arqalyq polıtehnıkalyq kolledji Jastar jylynyń ashýlýyn saltanatty túrde ótkizip, eń belsendi, daryndy stýdentterin quttyqtap, marapattady. Sol belsendi jastarymyzǵa qarjylaı demeýshilik jasaǵan Arqalyq qalasynyń Qoǵamdyq keńesiniń tóraǵasy Arystan Aıtmaǵanbetovke erekshe alǵysymyzdy bildiremiz.

Jastarymyzǵa el eńsesin eseleý jolynda aıanbaı eńbek etip, bilimniń altyn qazyǵyn ıgerip, Elbasynyń myǵym ári myqty, syndarly da salıqaly saıasatyn qoldaı otyra, el ıgiligi úshin bar kúsh-jigerleri men bilimderin sala berýlerine tilektespiz. Egemen elimizdiń erteńi – jastarymyz bilimdi ári bilikti bolǵaı dep tileımiz.

*Saltanat AHMETOVA,*
*Arqalyq polıtehnıkalyq koleji dırektordyń tárbıe isi jónindegi orynbasary*